Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
«ТРАНС-СЕРВИС»
Товарищество с ограниченной ответственностью

№ 31/09
28.05.2020 г.

Қызылорда облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментінің басшысы М.Егембердиевке

Шағым

Тапсырыс беруші және ұйымдастырушы "Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының "Көп бейінді облыстық балалар ауруханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны 2021 жылдың 04 сәуірінде «Дезинфекциялық құрал» бойынша ашық конкур тәсілімен №5727394-1 хабарландыру жарияланды. Конкурстық құжаттаманың 2-қосымшасы сатып алынатын тауарлардың техникалық ерекшелігінде «*ҚР СТ сәйкес келеді 2827-2016. Дөңгелек пішінді, хлорға тән иісі бар ақ түсті таблеткалар, салмағы 3,33 г. Белсенді зат ретінде өнімнің құрамына дихлороизоцианур қышқылының натрий тұзы (дигидрат) кем дегенде 98% кіреді. Дайын өнімдегі белсенді хлордың мөлшері 60% құрайды. 1 таблетканы еріткен кезде белсенді хлордың массасы 1,5 г құрайды.Қосымша жуу және ағарту әрекеті бар дезинфекциялық таблеткалар, жуғыш заттың қосымша қосылуын қажет етпейді.*» және «*Медициналық қалдықтарды тасымалдайтын беттерді, биологиялық экскретарларды, медициналық қалдықтарды, қайта пайдалануға болатын ыдыстарды және көлік құралдарын дезинфекциялау. Оның граттеріс және грам позитивті бактерияларға, ауруханаішілік инфекциялардың қоздырғыштарына (ауруханаішілік инфекциялар), вирустарға (соның ішінде: полиомиелит, ВИЧ, гепатит, құс тұмауы, АРВ, аденовирус және т.б.), Candida тектес саңырауқұлақтарға қарсы микробқа қарсы белсенділігі бар. және дерматофит.Хлор таблеткалары 0,075% концентрациядағы режимдерге ие болуы керек (20 литр дайын жұмыс ерітіндісіне 1 таблетка) вирусқа қарсы режимде. Препараттың бұл белсенділігі аккредиттелген зертханаларда тестілеу арқылы расталуы керек. Сулы ерітінділер өңделген беттерді зақымдамайды. Жарамдылық мерзімі - өндірушінің ашылмаған қаптамасында 6 жыл, жұмыс шешімдері - 8 күн. 1 банкада 300 таблетка бар, 1 кг. Хлор таблеткаларын герметикалық жабылған пленкамен пластикалық ыдысқа салу керек, бұл хлордың улы иісін айтарлықтай төмендетеді, бұл хлор таблеткаларын жабық бөлмелерде сақтауға мүмкіндік береді. Осы арнайы ыдыстың СТ KZ шығу тегі сертификаты, өндірушінің сәйкестік сертификаты бар болуы тиіс.*»деп көрсетілген.

Дегенмен, «Транс-Сервис» ЖШС-нің тарапынан ұсынылған техникалық ерекшелік конкурстық құжаттаманың талаптарына сай келсе де, 2021 жылдың 12 мамырындағы №5255766 қорытындылар туралы хаттамасында «Транс-Сервис» ЖШС-гі «*Не соответствует квалификационным требованиям конкурсной документации, а именно не предоставлен документ, подтверждающий, что хлорные таблетки упакованы в пластиковую банку с герметично запаянной плёнкой, значительно снижающий токсичный запах хлора, что позволяет хранение хлорных таблеток в закрытых помещениях.*

Дезостерил-ЭКСТРА содержит 0,75гр активного хлора при растворении 1 таблетки и не имеет противовирусного режима в концентрации 0,0075%. Имеет место предоставление недостоверной информации в конкурсной заявке потенциального поставщика.» деп негізсіз конкурстан құлатылған.

Сонымен қоса, жеңімпаз болып айқындалған "Торговый дом "БО-НА" ЖШС тарапынан ұсынылған «СТ KZ» нысанындағы тауардың шығу тегі туралы №111400060 сертификатында «Дезинфицирующее средство Хлор-ДП количество – 50 шт» деп корсетілген. Ал, конкурстық құжаттамада 1 банкада 300 таблетка болуы тиіс делінген.

Жоғарыдағылардың негізінде 2021 жылдың 12 мамырындағы №5255766 қорытындылар туралы хаттаманың күшін жойып, қайта қарап, әділ шешім шыгаруға ықпал етуіңізді сұраймын.

«Транс-Сервис» ЖШС басшысы **Е.А.Абиев**